

Аңдатпа

Дипломдық жобада шай өлшеп салатын машина жұмысының технологиялық ерекшеліктері қарастырылып, оның функционалдық сызбасы көрсетілген. Ленталық конвейердің электр жетегі жүйесі таңдап алынды. Ленталық конвейердің асинхронды қозғалтқышының күштілігі есептелінді. Қайта жүктеу қабілетінің бірқалыптылығын сақтау барысында жиілікті реттемелі электр жетегінің шынайы және жасанды механикалық сипаттамасы есептелінді. Жиілікті реттеудің заңы таңдап алынды. Жиіліктің өңдегіш параметрі және күштік элементінің сызбалары анықталды. Жиілік өңдегіші таңдап алынды. Электр жетегімен микробақылаушылық басқару сипатталды. ЖӨ-АҚ (Жиілікті өңдегіш – асинхронды қозғалтқыш) жүйесінің элементтеріне математикалық сипаттама берілді. Matlab бағдарламалық ортасында динамикалық тәртіптегі электр жетегімен жиілікті реттегіш жүйесіне зерттеу жүргізілді.

Өмір сүру қауіпсіздігі бөлімінде, ленталық конвейерді пайдалану барысында еңбек жағдайына талдау жасалды. Шайдың шаңына, шуылға, микроклиматқа байланысты сұрақтар қарастырылды және қорғаныштық жерге тұйықталу есептелінді.

Дипломдық жобаның экономикалық бөлімінде техникалық – экономикалық негіздемелері келтірілді. Техникалық үрдістің құрылуының екі нұсқасын салыстыру негізінде экономикалық тиімділігі анықталды.